

Тауарлардың жекелеген түрлерін әкелуге сандық шектеулер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 маусымдағы № 669 Қаулысы

«Сауда қызметін реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 12 сәуірдегі Заңының 18-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған әкелуге қатысты көлемде сандық шектеулер енгізілетін тауарлардың тізбесі бекітілсін.

2. Одан әрі өңдеу мақсатында ғана әкелінетін қантқа арналған квота осы қаулыға қосымшаға сәйкес қант өңдеушілер болып табылатын заңды тұлғалар арасында бөлінсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті заңды тұлғалардың қантты осы қаулыға қосымшада көрсетілген көлемде әкелуін бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігімен бірлесіп, осы қаулыға қосымшада көрсетілген заңды тұлғалар әкелінген қантты мақсатсыз пайдаланған кезде Қазақстан Республикасының Үкіметіне бөлінген квотаның көлемін қайта қарау туралы ұсыныс енгізсін.

5. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі екі апта мерзімде Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитетінің Хатшылығына Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайтын сыртқы сауда қызметін реттеу шаралары туралы хабарласын.

6. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
Қазақстан
Үкіметінің
2010 жылғы 30 маусымдағы
№ 669 қаулысымен
бекітілген
К. Мәсімов
Республикасы

Әкелуге қатысты сандық шектеулер енгізілетін тауарлардың тізбесі

КО СЭҚ ТН коды	Тауардың атауы	Көлемі (тоннамен)	Қолданылу мерзімі
----------------	----------------	-------------------	-------------------

1701 99 100	--- ақ қант	6 121,8	2010 жылғы 1 шілдеге дейін
1701 99 900	--- басқалары		

Е с к е р т п е :

көрсетілген сандық шектеулер Беларусь Республикасынан және Ресей Федерациясынан импортталатын тауарларға қатысты қолданылмайды.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

3 0

м а у с ы м д а ғ ы

№

6 6 9

қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қантқа арналған квотаны бөлу

№	Занды тұлғалардың атауы	Квота көлемі, тонна
1	2	3
1.	«Рахат» акционерлік қоғамы	1 591,1
2.	«Баян Сұлу» акционерлік қоғамы	910,0
3.	«Қарағанды конфеттері» акционерлік қоғамы	355,6
4.	«Волна» Ақтау кондитер фабрикасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	65,4
5.	«Ақтөбе кондитер фабрикасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	161,6
6.	«Шаныбек» Орал кондитер фабрикасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	133,3
7.	«Восток-Кондитер комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	34,2
8.	«Магнитка» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	41,7
9.	«RG Brands Kazakhstan» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	764,0
10.	«Кока-кола Алматы Боттлерс» бірлескен кәсіпорны» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	559,6
11.	«ДальПродукт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	333,3
12.	«Арасан» фирмасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	70,7
13.	«Raimbek bottlers» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	324,4
14.	«Рауан» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	150,0
15.	«Қарағанды-нан корпорациясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	48,4
16.	«Голд Продукт» акционерлік қоғамы	31,1
17.	«Дәнегүл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	23,0
18.	«Евразиан Фудс» акционерлік қоғамы	24,0
19.	«Евразиан Фудс Корпорейшн» акционерлік қоғамы	19,1
20.	«Бидай НАН ЛТД және Со» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	7,6
21.	«Астрон» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	63,8
22.	«Фуд Мастер компаниясы» акционерлік қоғамы	66,1
23.	«Эфес Қарағанды сыра қайнату зауыты» ШК АҚ	222,2
24.	«Дастарал» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	46,6
25.	«Нәзік» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	75,0

Е с к е р т п е :

заңды тұлғалар үшін бөлінген квоталардың көрсетілген көлемі одан әрі өңдеу мақсатында ғана көзделіп отыр.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК